

«КАСПИЙ
ҚОҒАМДЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
КОЛЛЕДЖІ» БМ



КОЛЛЕДЖ
УО «КАСПИЙСКИЙ
ОБЩЕСТВЕННЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ»



«Бекітемін»
директоры
Ануаш Ж.Д.
2025ж.

АШЫҚ САБАҚ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Алматы, 2025ж.

1. Жалпы ережелер

1.1. Ашық сабақ — педагогикалық тәжірибені таратуға, кәсіби шеберлікті жетілдіруге және оқу үдерісінің сапасын арттыруға бағытталған БМ «Каспий қоғамдық университеті» колледжінің әдістемелік жұмысының бір түрі.

1.2. Осы Ереже ашық сабақтың мақсатын, міндеттерін, дайындық, өткізу және талдау тәртібін айқындайды.

1.3. Ашық сабақтар барлық циклдік комиссиялардың оқытушыларымен бекітілген кестеге сәйкес немесе оқытушының бастамасымен және колледждің оқу-әдістемелік бөлімімен (ОӘБ) келісу арқылы өткізіледі.

2. Ашық сабақтың мақсаты мен міндеттері

2.1. Оқытудың тиімді формалары, әдістері мен технологияларын көрсету.

2.2. Педагог қызметкерлерінің біліктілігін жүйелі түрде арттыру.

2.3. Оқытушылар арасында кәсіби тәжірибе алмасу.

2.4. Оқу үдерісінің әдістемелік қамтамасыз етілуін талдау және жетілдіру.

2.5. Табысты педагогикалық тәжірибелерді анықтау және тарату.

3. Ашық сабақты ұйымдастыру және дайындау

3.1. Ашық сабақтың күні, уақыты және тақырыбы ОӘБ және циклдік әдістемелік комиссия төрағасымен бекітіледі.

3.2. Оқытушы келесі материалдарды дайындайды:

– оқу сабағының жоспары;

– әдістемелік және үлестірме материалдар;

– көрнекі құралдар мен цифрлық ресурстар;

– презентациялар және мультимедиалық материалдар (қажет болған жағдайда).

3.3. Ашық сабақтың жоспары ОӘБ-ге сабақ өткізілетін күннен 2–3 жұмыс күні бұрын тапсырылады.

3.4. ОӘБ ашық сабақты дайындау бойынша әдістемелік-кеңестік көмек көрсетеді.

4. Ашық сабақты өткізу

4.1. Ашық сабақта оқытушылар, әдіскерлер, бөлім меңгерушілері, циклдік комиссия мүшелері және колледж әкімшілігінің өкілдері қатыса алады.

4.2. Оқытушы оқу тәртібінің сақталуын, білім алушылардың танымдық белсенділігін және оқыту әдістерінің дұрыс қолданылуын қамтамасыз етеді.

4.3. Ашық сабақ оқу бағдарламаларына, оқу жоспарына және қолданыстағы мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес өткізіледі.

5. Ашық сабақты талдау және талқылау

5.1. Ашық сабақ аяқталғаннан кейін оның талқылауы ОӘБ немесе циклдік комиссия төрағасының ұйымдастыруымен өткізіледі.

5.2. Талдау мынадай аспектілерді қамтиды:

– сабақ құрылымы және қойылған мақсаттарға жету деңгейі;

– әдістемелік тәсілдер мен педагогикалық шешімдер;

– білім алушылардың белсенділігі;

– дайындалған материалдар мен оқу құралдарының сапасы;

– уақытты тиімді пайдалану.

5.3. Талқылау нәтижелері бойынша сабақтың талдамалық қорытындысы жасалады, ол оқытушыға қолхат арқылы таныстырылады; құжат ОӘБ-де сақталады.

5.4. Ашық сабақтардың нәтижелері оқытушының әдістемелік қызметін бағалауда және циклдік комиссия жұмысының қорытындыларында ескеріледі.